

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ
БӘРІМБЕК БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ**

Т. Р. Сейдығалиев, С. Н. Исаева

**АДАМ ЖӘНЕ АЗАМАТТАРДЫҢ
ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН БОСТАНДЫҚТАРЫН
ҚОРҒАУ**

**ҚАРАҒАНДЫ
2016**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ
БӘРІМБЕК БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ**

Т. Р. Сейдығалиев, С. Н. Исаева

**АДАМ ЖӘНЕ АЗАМАТТАРДЫҢ
ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН БОСТАНДЫҚТАРЫН
ҚОРҒАУ**

Қазақша терминдер сөздігі

**ҚАРАҒАНДЫ
2016**

УДК 343.4(038)

БҚК 67.408я2

С 31

Пікір жазғандар:

А. Божқараұлы — Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің конституциялық және халықаралық құқық кафедрасының меңгерушісі, доцент, заң ғылымдарының кандидаты;

Р. Қ. Джембаев — Қазақстан Республикасы ПМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасы бастығының міндетін атқарушы, доцент, заң ғылымдарының кандидаты

Сейдығалиев Т. Р.

С31 Адам және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау бойынша терминдер сөздігі. — Қарағанды: ҚР ПМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2016. — 32 бет.

ISBN 978-601-7881-05-4

Құрал «ішкі істер органдарының қызметінде адамның құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету» оқу бағдарламасы бойынша қарастырылған. Құрал тыңдаушыларға ерекше көмек ұсынады: бұл адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау бойынша емтихан тапсыруға әзірлік барысында бағыт көрсетеді және заңгерлердің болашақ тәжірибелік қызметіне қажет нақты және жүйеленген білім алуына көмектеседі.

Құрал бірінші кезекте заң факультеті студенттері мен тыңдаушыларына, және осы курсты өзіндік оқып үйренушілерге арналған.

ISBN 978-601-7881-05-4

УДК 343.4(038)

БҚК 67.408я2

- А -

АБЫРОЙ — бұл адамды басқа адамдардың, мемлекет пен қоғамның құрметтеуін талап ететін сана-сезім өлшемі және адамзат мәнінің негізі.

АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ — объективті (кең) мағынасына — бұл тұлғаның мәртебесін, адамдардың арасындағы өзара қарым-қатынас ережелерін, адам мен мемлекеттің қарым-қатынастарын бекітетін халықаралық құқықтың жалпытанылған принциптері мен нормаларының жүйесі, субъективті (тар) мағынасында — мемлекетпен заңды түрде кепілдендірілген, құқықтық нормаларда бекітілген дербес тұлғалардың белгілі бір іс-қимылдары, әрекеттерді жасау, белгілі бір әлеуметтік игіліктерді пайдалану мүмкіндігі.

АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ АЯСЫНДАҒЫ ҚҰРАЛДАР — бұл адам құқықтары бойынша нормалардан (стандарттар), принциптерден тұратын түрлі құжаттар. Халықаралық (мемлекетаралық) ұйымдармен қабылданған құжаттар: шарттар, декларациялар, ұсыныстар, резолюциялар және т. б.

АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ АЯСЫНДАҒЫ СТАНДАРТТАР — бұл халықаралық актілерде бекітілген міндетті талаптар, нормалар. Мысалы Адам құқықтарының жалпы декларациясының стандарттары адам құқықтарының халықаралық құқықтарына қалай негізгі болса, адам құқықтарының ұлттық жүйесін құру үшін де негізгі болып саналады.

АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ БОЙЫНША СТАНДАРТТАР

1. Адам құқықтары бойынша халықаралық заңнама құқықтық тәртіпті қолдайтын лауазымды адамдарды қоса алғанда барлық мемлекеттермен олардың өкілдері үшін заңдық міндетті болып табылады.

2. Адамның құқықтары халықаралық құқық пен халықаралық қадағалаудың заңды заты болып табылады.

3. Лауазымды адамдар құқықтық тәртіпті қолдау бойынша адам құқықтары жөніндегі халықаралық стандарттарды білуге және қолдануға міндетті.

АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН БОСТАНДЫҚТАРЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТАРЫ — мемлекеттің адам құқықтарының мемлекеттік регламентация дәрежесін анықтайтын, нормативтік минимум сапасын сипаттайтын, халықаралық тәжірибемен қазіргі әлеуметтік үдеріс тенденциясынан шығатын жеке тұлғаның құқықтары мен бостандықтарының адамзаттық стандарттары.

АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ САЛАСЫН РЕТТЕЙТІН ӘМБЕБАП ҚАЙНАР КӨЗ — 1948 жылғы Адам құқықтарының жалпы декларациясы.

АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ САЛАСЫНДАҒЫ ТӘЖІРИБЕ

1. Өзіңіздің ұйымдарыңыз үшін адам құқығы саласындағы баршаға белгілі саясатты қолданыңыз.

2. Полицияның жарғысына адам құқықтарының стандарттарын енгізіңіз.

3. Адам құқықтары мәселелері бойынша полицияның барлық қызметкерлерінің дайындықтарын қамтамасыз етіңіз.

4. Адам құқықтары мәселелерімен айналысатын ұлттық және халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықты жүзеге асырыңыз.

АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ ТУРАЛЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БИЛЛЬ — 1946 жылы қаңтардағы өзінің бірінші сессиясында Бас Ассамблея құқықтар туралы халықаралық биллді әзірлеу туралы шешім қабылдады. 1946 жылы ақпанда адам құқықтары жөнінде Комиссия құрылды. Комиссияға адам құқықтары туралы Халықаралық биллді әзірлеу міндеттелді. Алғашқысында бұл бір құжат болады деп ұйғарылды. Содан кейін Билль үш бөліктен тұруы қажет: онда оларды бекіткен мемлекеттерге арналған міндетті сипаты бар пактінің (немесе пактілердің) жалпы принциптері жарияланған декларациядан және «жүзеге асыру шаралары», яғни мемлекеттердің өз міндеттерін орындалуын бақылау механизмдерінен тұруы.

АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ МЕХАНИЗМДЕРІ — бұл белгіленген ұйымдастырушылық құрылымдар (адам құқықтары жөніндегі халықаралық сот, халықаралық ұйымдар, комитеттер, комиссиялар, жұмыс топтары, арнайы баяндамашылар). Негізінде олар ұжымдық органдар деп танылады. Қорғаудың ұлттық механизмдеріне сот органдары және соттан тыс қорғаудың мемлекеттік институттары (омбудсмен, адам құқықтары жөніндегі комиссиялар және т. б.) жатады.

АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚҰРМЕТТЕУ ПРИНЦИПІ дербес принцип ретінде — СБСЕ-нің қорытынды актісінде бекітілген.

АДАМГЕРШЛІККЕ ЖАТПАЙТЫН ІС-ӘРЕКЕТ ЖӘНЕ ЖАЗАЛАУ — қасақана күрделі моральдық немесе тән азаптарына алып келетін және осы жағдайда ақтауға жатпайтын іс-әрекет.

АДАМДЫ САУДАҒА САЛУ — Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 128-бабы бойынша Адамды сатып алу-сату немесе оған қатысты өзге де мәмілелер жасасу, сол сияқты оны пайдалану не азғырып-көндіру, тасу, беру, жасыру, алу, сондай-ақ пайдалану мақсатында өзге де

әрекеттер жасау. Адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерлерге әкету, Қазақстан Республикасына әкелу немесе бір шет мемлекеттен екіншісіне Қазақстан Республикасының аумағы арқылы тасу мақсатында жасалған әрекеттер, сол сияқты мұндай әрекеттерді жасау мақсатында адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерлерге әкету, Қазақстан Республикасына әкелу немесе бір шет мемлекеттен екінші мемлекетке Қазақстан Республикасының аумағы арқылы тасу болып табылады.

АДАМНЫҢ БОСТАНДЫҚТАРЫ — бұл қандай да бір іс-қимылдарды жасау немесе жасамаудың субъективті мүмкіндіктері. Бұл тұлғаның дербестігін анықтайтын, оның ішкі әлеміне қол сұғушылықтан қорғайтын, мемлекеттің өз тарапынан қол сұғушылығымен, азаматтардың мінез-құлқын минималды реттеуге (мысалы, ой, ар-ождан және дін бостандығы және т. б.) деген мемлекеттің кепілдемелерімен расталған тұлғаның өкілеттігі.

АДВОКАТУРА (ҚОРҒАУШЫ) — ол жеке тұлғаның және заңды тұлғаның мүдделерін экономикалық қатынастардың және қоғамдағы кірістердің табиғи өзгешелік бостандығы шартында құқықтық қорғап және қамтамасыз ететін кәсіби институт. Ол өзінің құқықтық қорғау функцияларын адвокатура, тергеу ұйымдары және мемлекеттік айыптау ұйымдарының процессуалдық тең құқылығын шынайы қамтамасыз ету мөлшерінде толығырақ және тиімдірек жүзеге асыра алады. Адвокатура адвокаттардың қылмыстық істер бойынша қорғау әрекеттерін, азаматтық, әкімшілік, қылмыстық және басқа да істер бойынша тұрғындарға заңды көмектік басқа түрлерін көрсету өкілдігін ұйымдастырады.

АЗАМАТТАРДЫҢ ТЕҢ ҚҰҚЫҚТЫЛЫҒЫН БҮЗУ — адамның (азаматтың) құқықтары мен бостандықтарын тегіне, әлеуметтік, лауазымдық немесе мүліктік жағдайы, жынысы, нәсілі, ұлты, тілі, дінге көзқарасына сенімі, тұрғылықты жері, қоғамдық бірлестіктерге қатыстылығына себептерімен немесе өзге кез келген жағдайлар бойынша тікелей немесе жанама шектеу.

АЗАМАТТЫҚ — жеке тұлғалар мен мемлекет арасындағы өзара құқықтар мен міндеттердің жиынтығын сипаттайтын тұрақты саяси құқықтық байланыс.

АЗАМАТТЫҚ ЖӘНЕ САЯСИ ҚҰҚЫҚТАР ТУРАЛЫ — 1966 жылы 16 желтоқсанда 2200 А (XXI) Бас Ассамблеяның резолюциясымен қабылданды. Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 28 қарашада № 91-III заңымен бекітілген.

**АЗАМАТТЫҚ ЖӘНЕ САЯСИ ҚҰҚЫҚТАР ТУРАЛЫ ХАЛЫҚАРА-
ЛЫҚ ПАКТИГЕ ФАКУЛЬТАТИВТІК ХАТТАМАНЫ РАТИФИКАЦИЯ-
ЛАУ ТУРАЛЫ** — Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 11 ақпандағы
130-IV заңымен бекітілген.

АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ — бұл әлеуметтік, мәдени, рухани салалар тір-
шілігінің қамтамасыз етілу жүйесі, олардың өсіп-өніп ұрпақтан-ұрпаққа
жалғасуы, жекелеген индивидтер мен ұжымдардың мүдделері мен қажетті-
ліктерін жүзеге асыру, олардың дербес өсуіне жағдай жасауға арналған
(дербес мемлекеттен тәуелсіз) қоғамдық институттар мен қатынастар
жүйесі.

АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМНЫҢ БЕЛГІЛЕРІ — адам мен азаматтардың
құқықтары мен бостандықтарын барынша толық қамтамасыз ету; өзін-өзі
басқару; оның құрылымдарының және адамдардың әртүрлі топтарының
бәсекелестігі; еркін қалыптасатын қоғамдық пікірлер мен плюрализм; адам-
ның ақпарат алу құқығының нақты іске асуы; көп салалы экономика; билік-
тің заңды және демократиялық сипаты; адамдардың лайықты өмір сүруін
қамтамасыз ететін мемлекеттің күшті әлеуметтік саясаты және т. б.

АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМНЫҢ ЭЛЕМЕНТТЕРІ — кәсіподақтар; саяси
партиялар; қоғамдық бірлестіктер; бұқаралық ақпарат құралдары; шығар-
машылық ассоциациялар; діни бірлестіктер; тәрбие саласы; білім саласы;
ғылым және мәдениет саласы; жанұя.

**АЗАМАТТЫҚ, ОТБАСЫЛЫҚ ЖӘНЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ ІСТЕР
БОЙЫНША ҚҰҚЫҚТЫҚ КӨМЕК ПЕН ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАТЫНАС-
ТАР ТУРАЛЫ КОНВЕНЦИЯНЫ** бекіту туралы (Кишинев, 2002 жыл 7
қазан). Қазақстан Республикасының заңымен 2004 жылы 10 наурызда
№ 531-II бекітілген.

АЗАМАТТЫҚТАН АЙЫРУ — тиісті тұлға немесе тұлға аталған мем-
лекетке қатысты тапсырумен, мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігіне қайшы
келетін қызметпен айналысумен немесе мемлекеттің заңдарын өрескел
бұзумен байланысты, олардың бастамасы бойынша шығарылатын, құзырлы
мемлекеттік органдардың шешімі бойынша азаматтықты жоғалту.

АЗАМАТТЫҚТАН ШЫҒУ — мүдделі адамның өтініші бойынша уәкілетті
мемлекеттік органның шешімі арқылы жүзеге асады. Азаматтықтан шығу
талаптары мен шарттары мемлекеттің ішкі заңдарымен айқындалады.

АЗАМАТТЫҚТЫ ҚҰРМЕТТЕУ — мемлекеттік органдардың ниетімен қандай да бір тұлғаға, әдетте сол мемлекет алдында көрсеткен еңбегі үшін азаматтықты беруі.

АЗАМАТТЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ — адамның мемлекетке қатыстығымен айқындалған және жағымды сипатқа ие, яғни соңғы болып орнатылады. Ол дербес тұлғаның мемлекетпен қатынастары саласын қамтиды, онда тұлға өзінің осындай қатынастарына заңсыз қол сұғудан қорғалуына ғана емес, олардың іске асырылуына мемлекеттің белсенді жәрдемдесуіне сене алады.

АЗАПТАУ — қандай да бір ақпарат алу немесе мойындату, не болмаса жазалауды мақсат ететін, адамгершілікке жатпайтын іс-әрекет («Дания, Франция, Норвегия, Швеция және Нидерланды Грецияға қарсы» ісі бойынша Адам құқықтары жөніндегі еуропалық комиссиясының шешімі, 1969 жыл).

АЗАПТАУ — қандай да бір тұлғаға одан немесе үшінші тұлғалардан мәлімет алу немесе мойындату, ол немесе үшінші тұлға жасаған немесе жасады деп сезіктенетін әрекет үшін жазалау үшін, сондай-ақ оны немесе үшінші тұлғаны қорқыту немесе мәжбүрлеу, немесе мұндай ауру немесе азап мемлекеттік лауазымды тұлғалармен немесе ресми сапада әрекет ететін өзге тұлғамен, немесе оларды арандатуы, немесе олардың келісімімен немесе үнсіз келісімімен келтірілген жағдайдағы, кез келген сипаттағы кемсітуге негізделген кез келген себеп бойынша қасақана денесін немесе жанын қатты ауырту немесе азап келтіретін кез келген әрекет (1984 жылғы Азаптау мен өзге қатал, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-ожданын қорлайтын мінез таныту мен жазалау туралы конвенцияның 1-бабы).

АЗАПТАУ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ҚАТАЛ АДАМГЕРШІЛІКСІЗ НЕМЕСЕ АБЫРОЙЫН ҚОРЛАЙТЫН ҚАРАУ МЕН ЖАЗАЛАУ ТҮРЛЕРІНЕ ҚАРСЫ КОНВЕНЦИЯ — Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 29 маусымда № 245 заңымен қосылды.

АЗАПТАУҒА, ОҒАН ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ ЖАСАУҒА, БАСҚАДАЙ ҚАТЫГЕЗДІК НЕМЕСЕ АДАМДЫҚ ҚАДІР-ҚАСИЕТІН ҚОРЛАЙТЫНДАЙ ЖӘБІР КӨРСЕТУГЕ НЕ ЖАЗАЛАУҒА ТЫЙЫМ САЛУ — Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасы «азаптау» ұғымын бекітпейді, бірақ Қазақстан Республикасы Конституциясының 17-бабында «Адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмайды. Ешкімді азаптауға, оған зорлық-зомбылық жасауға, басқадай қатыгездік немесе адамдық қадір-қасиетін қорлайтындай жәбір көрсетуге не жазалауға болмайды» деп жарияланған.

- Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 141-1-бабында азаптауға қатысты әрекетке жауаптылық санкциясы қарастырылған. Жәбірленушілерге және куәгерлерге тілектестікпен және назар аударып қараған жөн.

АЙЫПТАЛУШЫ — (Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 69-бабы) — өзіне қатысты айыпталушы ретінде жауапқа тарту туралы қаулы шыққан адам, сондай-ақ оған қатысты анықтау органының бастығы айыптау хаттамасын немесе сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізу хаттамасын жасаған және бекіткен не тергеуші сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізу хаттамасын жасаған адам.

Сотқа берілген, ал жеке айыптау істері бойынша өзіне қатысты шағымды сот өзінің іс жүргізуіне қабылдаған айыпталушы, — сотталушы, өзіне қатысты айыптау үкімі шығарылған айыпталушы, — сотталған адам, өзіне қатысты ақтау үкімі шығарылған айыпталушы, — ақталушы деп аталады.

АНТ ЕТУ — серт беру түріндегі этикалық сипаттағы салтанатты міндеттеме. Полиция қызметкері ант ете отырып, өздігінен және саналы түрде жақсы мен жаманның арасында моральдық таңдау жасап, өзіне ең жоғары сипаттағы міндеттемені қабылдайды: өзінің бар күші мен ынтасын адамдарға және өзі тұрып жатқан мемлекетке қызмет етуге жұмсау, ал қажет болса, өмірін қию.

АПАРТЕИД (африканша: *apartheid* — бөлек өмір сүру) — нәсілдік белгілеріне бола байырғы тұрғындарды арнаулы қамаушада, оқшауландырып ұстау арқылы саяси, әлеуметтік-экономикалық және азаматтық құқыларынан айыратын нәсілдік кемсітушіліктің шектен шыққан түрі. Апартеид саясаты өзге ұлттарды сайлау құқынан айыру, ең төменгі еңбекақы төлеу, жүріп-тұру еркіндігінен айыру, т. с. с. шектеулер қою арқылы көрініс тапты. Бұл саясаттың негізінде адамды нәсіліне, ұлтына қарай жек көру, кемсіту теориясы жатыр.

АПАТРИДТЕР — азаматтығы жоқ тұлғалар, яғни қандай да болсын мемлекеттің азаматтығында тіркелмеген тұлғалар.

АР-НАМЫС ЖӘНЕ ҚАДІР-ҚАСИЕТ — жеке тұлғаның ішкі өзін-өзі бағалауы, өзінің қасиеттерін, қабілеттерін, дүниетанымын, парызының орындалуын және өзінің қоғамдағы орнын түсіне білу. Намыс жеке тұлғаның субъективті бағасын анықтайды.

АР-НАМЫСТЫ ҚОРЛАЙТЫН ІС-ӘРЕКЕТТЕР ЖӘНЕ ЖАЗАЛАУ — жәбірленушінің қорқыныш, жабырқау және олқылық сезімін тудыру

үшін, оның тән немесе моральдық қарсылығын сындыру, балағаттау, кемсіту мақсатымен адамды басқалардың алдында өрескел қорлайтын және оны өз еркіне немесе ар-ожданына қарсы әрекет етуге мәжбүрлейтін іс-әрекет.

АСА ҚАЖЕТТІЛІК — қылмыстық заңнамамен қорғалатын мүдделерге аса қажет болған жағдайда зиян келтіру, яғни белгілі бір адамның немесе өзге де адамдардың өміріне, денсаулығына, құқықтары мен заңды мүдделеріне, қоғамның мемлекеттің мүдделеріне тікелей қатер төндіретін қауіпті жою үшін зиян келтіру, егер бұл қауіпті басқа амалдармен жою мүмкін болмаса және бұл орайда аса қажеттілік шегінен шығып кетушілікке жол берілмесе, қылмыс болып табылмайды.

АТЫС ҚАРУЫ — оқ-дәрі немесе өзге заряд қуатының есебінен бағытталған қозғалысқа ие болатын снарядпен нысананы қашықтықтан механикалық атуға арналған қару, сондай-ақ қарудың негізгі бөліктері: соғу тетігі, оқтық, оқпан.

- Ә -

ӘЙЕЛДЕРГЕ ҚАТЫСТЫ КЕМСІТУ — әйелдердің саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени, азаматтық немесе кез келген басқа салалардағы адамның құқықтары мен негізгі бостандықтарын олардың отбасылық жағдайына қарамастан, ерлер мен әйелдердің теңдігі негізінде пайдалануын немесе іске асырылуын әлсіретуге немесе мойындалуын жоққа шығаратын жыныс белгісі бойынша кез келген айырмашылық, қоспай қою немесе шектеу.

ӘЙЕЛДЕРГЕ ҚАТЫСТЫ КЕМСІТУШІЛІКТІҢ БАРЛЫҚ ТҮРЛЕРІН ЖОЮ ТУРАЛЫ КОНВЕНЦИЯ — Қазақстан Республикасымен 1998 жылы 26 тамызда бекітілді.

ӘР АДАМНЫҢ ӘДІЛЕТТІ СОТ ІСІН ҚАРАУҒА ҚҰҚЫЛЫҒЫ — Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-бабында «Әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына құқығы бар».

ӘР АДАМНЫҢ ЖЕКЕ ӨМІРІНЕ ҚОЛ СҰҒЫЛМАУШЫЛЫҚ ҚҰҚЫҒЫ — Қазақстан Республикасы Конституциясының 18-бабында «Әркімнің жеке өміріне қол сұғылмауына, өзінің және отбасының құпиясы болуына, ар-намысы мен абыройлы атының қорғалуына құқығы бар».

ӘСКЕРИ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ — стратегиялық, жедел-стратегиялық, жедел-аумақтық, жедел-тактикалық, тактикалық және жергілікті әскери басқару органдары.

ӘСКЕРИ ЦЕНЗУРА — хабарлар мен материалдардың не олардың жекелеген бөліктерінің таралуына шектеу қою немесе тыйым салу мақсатында бұқаралық ақпарат құралдарының хабарлар мен материалдарды әскери басқару органдарымен, лауазымды адамдармен олардың талабы бойынша немесе өзге де негіздер бойынша алдын ала келісуі, сондай-ақ мемлекеттік құпиялары бар мәліметтердің жариялануы мен әйгіленуіне жол бермеу мақсатында хат-хабар алмасуға, телефон және радио арқылы сөйлесулерді бақылауды жүзеге асыру.

- Б -

БАЛА — ұлттық заңнамамен өзгеше көзделмесе, 18 жасқа толмаған кез келген адам жаны.

БАЛА ҚҰҚЫҒЫ — әрбір бала өмір сүру құқығына ие және мемлекет оның өсуі мен дамуын қамтамасыз етуге міндетті. Бала дүниеге келген соң өзіне есім алуға құқылы. Бала сондай-ақ азаматтық алуға, мүмкіндігі барынша өз ата-анасын танып білуге, олар тарапынан қамқорлық көруге құқылы. Бала өз мүддесіне қарама-қайшы келетін жағдайда ғана болмаса, ата-анасымен бірге тұруға құқылы. Сондай-ақ бала ата-анасының екеуінен немесе біреуінен ажыраған жағдай да олармен байланыс жасап тұруға құқылы.

БАЛА ҚҰҚЫҚТАРЫ ТУРАЛЫ КОНВЕНЦИЯ — Қазақстан Республикасымен 1994 жылы 8 маусымда бекітілді.

БАЛА САУДАСЫ, БАЛАЛЫҚ ЖЕЗӨКШЕЛІК ЖӘНЕ БАЛАЛЫҚ ПОРНОГРАФИЯҒА ҚАТЫСТЫ БАЛА ҚҰҚЫҚТАРЫ ТУРАЛЫ КОНВЕНЦИЯҒА ФАКУЛЬТАТИВТІК ХАТТАМА — Қазақстан Республикасының 04.07.2001 № 221-2 заңымен бекітілді.

БАЛАЛАРДЫҢ ҚАРУЛЫ ҚАҚТЫҒЫСТАРҒА ҚАТЫСУЫНА ҚАТЫСТЫ БАЛА ҚҰҚЫҚТАРЫ ТУРАЛЫ КОНВЕНЦИЯҒА ФАКУЛЬТАТИВТІК ХАТТАМА — Қазақстан Республикасының 04.07.2001 № 221-2 заңымен бекітілді.

БАСПАНА ҚҰҚЫҒЫ — азаматтығы бойынша немесе тұрғылықты жері бойынша тұрып жатқан тұлғадан басқа бір нақты тұлғаның саяси себептер бойынша қудалаудан жасырыну мүмкіндігін беру.

БЕЙБІТШІЛІКТІ ҚОЛДАУ (ОПЕРАЦИЯЛАР) — барлық тартылған жақтар келісімнің, әдетте, әскери және/немесе полиция персоналы мен азаматтық компоненттің болуын өрістету.

БИПАТРИДТАР — екі немесе бірнеше азаматтығы бар тұлғалар.

БІЛКІТІЛІК ТАЛАПТАРЫ — әкімшілік мемлекеттік лауазымға орналасуға үміткер азаматтарға олардың кәсіптік даярлық деңгейін, құзыреттілігін және нақты лауазымға сәйкестігін айқындау мақсатында қойылатын талаптар.

БІРІККЕН ҰЛТТАР ҰЙЫМЫ — екінші дүниежүзілік соғыстан кейін, КСРО, АҚШ, Қытай және Ұлыбритания мемлекеттерінің белсенділік танытуымен құрылған халықаралық ұйым. 1945 жылы Сан-Францискодағы конференцияда антигитлерлік коалицияға мүше мемлекеттердің ұсынысымен күштерін біріктіру мақсатында құрылған егеменді мемлекеттердің халықаралық ұйымы.

БОСҚЫНДАР — нәсілдік, ұлттық, діни сенімі, азаматтық белгісі, белгілі бір әлеуметтік топқа жататындығы немесе саяси нанымы бойынша қудалаудың құрбаны болу қаупінің негізділігіне орай өз азаматы болып табылатын елден тыс жерде жүрген және өз елінің қорғауын пайдалана алмайтын немесе осындай қауіп салдарынан мұндай қорғауды пайдаланғысы келмейтін шетелдік немесе осындай қауіп салдарынан еліне қайтып орала алмайтын немесе қайтып оралғысы келмейтін, өзі тұрақты тұратын немесе өзі азаматы болып табылатын елден тыс жерде жүрген азаматтығы жоқ адам.

БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ — жаппай таратуға арналған және үш айда бір реттен сирек емес шығатын газеттер, журналдар, бюллетеньдер мен өзге мерзімді басылымдар, сондай-ақ теледидар және радио бағдарламалары, киноқұжаттама, ақпараттық агенттіктердің хабарламалары, дыбыс, дыбыс-бейне жазбалары мен бағдарламалар.

Бұқаралық ақпарат құралдары мерзімді басылым редакциялары, теле және радиотаратылым редакциялары, ақпараттық агенттіктер, бұқаралық ақпарат құралдарын шығаруды жүзеге асыратын өзге мекемелер түрінде болады.

БҰҰ-НЫҢ АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТІ — комитет жеке сапада жұмыс істейтін және төрт жылға сайланған 18 мүшеден тұрады. Қатысушы мемлекеттердің Пактінің шарттары мен оның екі Факультативтік хаттамасын орындауларына бақылау жасау үшін Комитет Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактімен (28—32 баптардың шарттарына сәйкес) құрылған.

БҰҰ-НЫҢ АЗАПТАУҒА ҚАРСЫ КОМИТЕТІ — бұл комитет он сарапшыдан тұрады. Комитет 26.06.1987 ж. күшіне енген азаптау және өзге де қатал адамгершіліксіз немесе абыройын қорлайтын қарау мен жазалау түрлеріне қарсы Конвенцияны жүзеге асуын қадағалайды.

БҰҰ-НЫҢ БАЛА ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТІ — бала құқықтары туралы Конвенция (43-бап) төрт жылға сайланатын 18 сарапшылары бар Комитеттің бекілуін қарастырады. Кандидаттарды конвенцияның барлық қатысушы мемлекеттері ұсынады.

БҰҰ-НЫҢ БАРЛЫҚ ЕҢБЕКШІ КӨШІП-ҚОНУШЫЛАРДЫҢ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ОТБАСЫЛАРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТІ — бұл Комитетке қатысушы мемлекеттердің барлық еңбекші көшіп-қонушылардың және олардың отбасыларының құқықтарын қорғау туралы халықаралық Конвенцияны орындаулары үшін бақылау тапсырылған.

БҰҰ-НЫҢ ӘЙЕЛДЕРГЕ ҚАТЫСТЫ КЕМСІТУШІЛІКТЕРДІ ЖОЮ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТІ — бұл комитет төрт жылдық мерзімге сайланатын 23 сарапшылардан тұрады және 1979 жылы Бас Ассамблеямен қабылданған, 1981 жылы күшіне енген әйелдерге қатысты кемсітушіліктердің барлық түрлерін жою туралы Конвенцияның жүзеге асуын бақылайды.

БҰҰ-НЫҢ НӘСІЛДІК КЕМСІТУШІЛІКТІ ЖОЮ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТІ — комитет 1969 жылы құрылған нәсілдік кемсітушіліктің барлық түрлерін жою туралы Конвенцияға сәйкес құрылған.

- Г -

ГАЗ ҚАРУЫ — Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігімен қолдануға рұқсат берілген, көзден жас ағызатын немесе тітіркендіретін заттарды қолдану арқылы тірі нысаналарды уақытша жоюға арналған қару.

ГЕНДЕРЛІК РӨЛДЕР — белгілі бір қоғамда және тарихи жағдайда қолданылатын әлеуметтік және мәдени нормаларға сәйкес ерлер мен әйелдерге берілетін әлеуметтік рөлдер.

ГЕНДЕРЛІК САЯСАТ — қоғамдық өмірдің барлық салаларында ерлер мен әйелдердің теңдігіне қол жеткізуге бағытталған мемлекеттік және қоғамдық қызмет.

ГЕНДЕРЛІК ТЕҢ ҚҰҚЫҚТЫЛЫҚ — әйелдер мен ерлердің заң алдындағы тең құқықтығы гендерлік теңдікке жету жолдарының бірі болып табылады.

ГЕНДЕРЛІК ТЕҢДІК — әлеуметтік функцияларды орындау кезінде жыныстық тегіне қарамастан әйелдер мен ерлердің ресурстар мен игіліктерге тең дәрежеде қол жеткізуі.

ГЕНОЦИД — ұлттық, этникалық, топтық немесе діни топтарды жалпылай немесе жартылай жою ниетімен жасалынатын әрекеттер.

- Д -

ДЕМОКРАТИЯ — халық жоғары билікке ие болып, оны тікелей өзі немесе еркін сайлау жүйесінде өзінің сайланбалы өкілдері арқылы жүзеге асыратын, халықтық басқару нысаны. Демократия терминінің көптеген анықтамалары бар. А. Линкольннің айтуынша, бұл «халықпен халық үшін жүзеге асырылатын халықтың билігі». Демократияның тіректері мынадай: халық билігі; биліктің бөліну принципі, көпшілік билігі, азшылықтарды қорғау; негізгі құқықтар мен бостандықтардың кепілдемелері; заң мен сот алдындағы теңдік; еркін және әділ сайлау; әділ сот ісін жүргізу; жариялық; әлеуметтік экономикалық және саяси плюрализм; толеранттылық, ынтымақтастық, ымыра құндылықтары және т. б.

ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ҚОҒАМДА ҚАЖЕТТІ — шектеу құқыққа сай болуы қажет.

ДЕОНТОЛОГИЯ — белгілі бір кәсіби міндеттемелерді орындайтын тұлғалардың борышы туралы ілім. Милициялық және полицейлік деонтология болады.

ДЕПОРТАЦИЯ — тұлғаны басқа мемлекетке мәжбүрлеп көшіру. Депортация көбінесе мемлекетке заңсыз келген шетел азаматтарына немесе азаматтығы жоқ тұлғаларға қолданылады.

- Е -

ЕУРОПАДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ҮНТЫМАҚТАСТЫҚ ҰЙЫМЫ (ЕҚЫҰ) (ағылш. *Organization for Security and Co-operation in Europe*) — саяси диалог үшін арналған халықаралық ұйым. Негізгі мақсаты — жетілдірілген басқару мен демократиялық үрдіс негізіндегі аймақтық тыныштық пен қауіпсіздік. ЕҚЫҰ, Біріккен Ұлттар Ұйымы астындағы ад хок (Ad hoc) ұйым, алдын ала ескерту, шиеленістерді тоқтату, тоқырау-менеджментіне және пост-конфликттік реабилитация істеріне аса назар аударады. Ұйым Еуропа, Кавказ, Орталық Азия, Солтүстік Американың 56 мемлекеттерін, яғни солтүстік жарты шардың көп елін қамтиды. Ұйым қырғи-қабақ Соғыс кезінде Батыс-Шығыс форумы ретінде құрылған.

- Ж -

ЖАУАП БЕРУГЕ МӘЖБҮР ЕТУ — тергеушінің немесе алдын ала анықтауды жүргізуші адамның тарапынан қорқыту, бопсалау немесе өзге де заңсыз іс-әрекеттер қолданылу жолымен күдіктіні, айыпталған адамды, жәбірленушіні, куәгерді жауап беруге мәжбүр ету, сол сияқты адамның ерікті түрде жауап беруіне, жасалған қылмыс туралы өтініш беруіне кедергі келтіру не оны жауап беруден бас тартуға мәжбүр ету, не сарапшыны қорытынды беруге мәжбүр ету (Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 347-бабының 1-тармағы).

ЖӘБІРЛЕНУШІ — (Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 75-бабы) — қылмыстық процесте оған тікелей қылмыспен моральдық, дене және мүлкітік зиян келтірілді деп ұйғаруға ол жөнінде негіз бар адам. Халықаралық-құқықтық құжаттарда «қылмыс құрбаны» термині қолданылады, алайда қазақстандық заңнама бойынша мұндай термин жоқ, оның орнына «жәбірленуші» деген тар аялы ұғым қолданылады.

ЖЕДЕЛ-ІЗДЕСТІРУ ШАРАЛАРЫ — қылмыспен күресудегі мемлекеттік-құқықтық нысандардың бір түрі. Өзінің сипаты бойынша және оларға жету мақсаты мен тәсілдері бойынша заңның негізінде азаматтардың жеке өмірге қол сұғылмаушылық конституциялық құқықтарын шектей алады. Жедел-ізвестіру шаралары адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету бойынша полицияның маңызды бағыттарының бірі болып табылады.

ЖЕКЕ ӨМІРІНЕ ҚОЛ СҰҒЫЛМАУШЫЛЫҚ ҚҰҚЫҒЫ — өз-өзіне берілу құқығы; әрбір адамның ерікті сыртқы қол сұғылушылықтардан, соның ішінде үкімет тарапынан қол сұғылушылықтардан заңмен қорғалған өз кеңістігіне ие болатын құқық. Қазақстан Республикасы Конституциясының 18-бабының 1-бөлімінде: «Әркімнің жеке өміріне қол сұғылмауына, өзінің және отбасының құпиясы болуына, ар-намысы мен абыройлы атының қорғалуына құқығы бар» делінген.

ЖЕКЕ ӨМІРІНЕ ӨЗ ЕРКІМЕН АРАЛАСПАУ — жеке өміріне қол сұғылмаушылық құқығын бұзу, заңсыз араласу. Қазақстан Республикасы Конституциясының 25-бабында: тұрғын үйге қол сұғылмайды. Соттың шешімінсіз тұрғын үйден айыруға жол берілмейді. Тұрғын үйге басып кіруге, оны тексеруге және тінтуге заңмен белгіленген реттер мен тәртіп бойынша ғана жол беріледі делінген, ал Қазақстан Республикасы Конституциясының 18-бабының 2-бөліміне сәйкес «әркім өзінің жеке салымдары мен жинаған қаражатының, жазысқан хаттарының, телефон арқылы сөйлескен сөздерінің, почта, телеграф арқылы және басқа жолдармен алысқан хабарларының құпиялылығы сақталуына құқығы бар. Бұл құқықты шектеуге заңда тікелей белгіленген реттер мен тәртіп бойынша ғана жол беріледі». (Өзге ұғымдарды да қарастыруыңызға болады).

ЖЕРГІЛІКТІ ЖЕРДІҢ КОМЕНДАНТЫ — Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайтын, төтенше жағдай енгізілген жердегі комендатураның қызметіне басшылық жасайтын төтенше жағдай режимін қамтамасыз ететін күштер мен құралдарды бірынғай басқаруды жүзеге асыратын лауазымды адам.

ЖЕРГІЛІКТІ ЖЕРДІҢ КОМЕНДАТУРАСЫ — төтенше жағдай енгізілген жерлерде төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының Президенті құратын уақытша арнаулы орган.

ЖЫНЫСЫ БОЙЫНША КЕМСІТУ — жынысы бойынша адамның құқықтары мен бостандықтарын кез келген шектеу немесе қысым көрсету, сондай-ақ оның қадір-қасиетін түсіру. Кемсітудің ең кең таралған түрі жынысы нышаны бойынша кемсіту болып табылады.

- 3 -

ЗАҢНАН ТЫС, НЕГІЗСІЗ ЖӘНЕ ЖАЛПЫ ӨЛІМ ЖАЗАСЫ — сияқты ауыр қылмыстарды тергеуге байланысты мәселе ерекше рөл атқара-

ды. БҰҰ Экономикалық және Әлеуметтік Кеңесінің № 989/65 1989 жылғы 24 маусымдағы Заңнан тыс, негізсіз және жалпы өлім жазаларының тиімді алдын алу және тергеу резолюциясында осындай өлім жазалары мемлекеттің қылмыстық заңнамасына сәйкес қылмыс болып танылады және оларды жасағаны үшін аталған қылмыстардың ерекшелігін ескеретін тиісті жазалау шаралары қарастырылады.

ЗОРЛАУ — яғни жәбірленушіге немесе басқа адамдарға күш қолданып немесе оны қолданбақшы болып қорқытып, не жәбірленушінің дәрменсіз күйін пайдаланып жыныстық қатынас жасау — Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінің 120-бабына сәйкес үш жылдан бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

ЗОРЛЫҚ — садистік немесе желікпе бейімділіктеріне орай, тұлғаның (тұлғалардың) белгілі бір мақсаттарын көздейтін, сондай-ақ онсыз дене, көрегенді немесе психологиялық ықпал немесе қысым.

- И -

ИНТЕРНИРЛЕУ — агрессия жасаған мемлекеттің соғыс уақытында Қазақстан Республикасының аумағында болған азаматтарын ұстау және арнайы бөлінген қоныстандыру орындарына орналастыру.

- К -

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫ САУДАҒА САЛУ — Қазақстан Республикасының Конституциялық кодексінің 133-бабы бойынша Кәмелетке толмаған адамды сатып алу-сату немесе оған қатысты өзге де мәмілелер жасасу, сол сияқты оны пайдалану не азғырып-көндіру, тасу, беру, жасыру, алу, сондай-ақ пайдалану мақсатында өзге де әрекеттер жасау.

КӘСІБИ НОРМАЛАР ЖӘНЕ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЕРЕЖЕСІ — адамның өзінің кәсібіне, кәсіби борышына және міндеттеріне, сонымен бірге ұжымына және қоғамға қатынасын белгілейтін моральдық-құқықтық нормалардың жиынтығы.

КЕМСІТУШІЛІК (ДИСКРИМИНАЦИЯ) — саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени және қоғамдық өмірдің кез келген өзге салаларында адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын тану, пайдалану немесе тең бастамалардағы іске асыруды жою немесе кемітуді мақсат немесе салдар тұтағын, жынысы, нәсілі, түр-түсі, рулық, ұлттық немесе этникалық шығу тегіне негізделген кез келген айырмашылық, ерекшелік, шектеу немесе артық көру.

КІНӘСІЗДІК ПРЕЗУМПЦИЯСЫ — (Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 19-бабы) — (латын тілінен *praesumptio* — болжам) айыпталушы оның кінәсі соттың заңды күшіне енген үкімімен белгіленгенге дейін кінәсіз деп саналатын, сот ісін жүргізудің демократиялық құқықтық принциптерінің бірі.

Сонымен қатар, бұл принцип келесідей ережелерден тұрады.

1. Ешкім де өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес.

2. Айыпталушының кінәлілігіне сөйлмеген күдік оның пайдасына түсіндіріледі. Қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңын қолдану кезінде пайда болған күмәндер де айыпталушының пайдасына шешілуі тиіс.

3. Айыптау үкімін болжамдарға негіздеуге болмайды және ол ақиқат дәлелдердің жеткілікті жиынтығымен расталуы тиіс.

КОМБАТАНТТАР — ұрысқа қатысатын және соғысудың халықаралық ережелерінің қорғауында болатын тұрақты әскер немесе тұрақсыз күштердің жауынгерлері.

КОМЕНДАНТТЫҚ САҒАТ — арнайы берілген рұқсат қағаздарынсыз және жеке басын куәландыратын құжаттарсыз көшелерде және өзге де қоғамдық жерлерде не үйлерінен тысқары жерлерде тыйым салынатын тәулік мезгілі.

КОНСТИТУЦИЯ — **Ата заң** (латынның *constitutio* — яғни «құрылым» сөзінен шыққан) — мемлекеттің негізгі заңы, елдегі барлық басқа заңдарға қатысты жоғары заңды күшке ие заң немесе заңдар тобы.

Конституция осы заманғы мемлекеттіліктің маңызды белгісі, мемлекеттің бастапқы саяси және құқықтық құжаты болып табылады. Қазіргі кезде Парсы шығанағындағы кейбір абсолютті монархияларда (Сауд Арабиясында, Оманда) ғана Конституция жоқ. Мемлекеттің барлық басқа заңдары оның қағидаларына барынша сәйкестендіріле отырып қабылданады. Конституциялық қағидалардың бұзылуы өте елеулі құқық бұзушылық болып табылады.

КӨШП-КЕЛУШЛЕР — Қазақстан Республикасына уақытша немесе тұрақты тұруға келген шетелдіктер немесе азаматтығы жоқ адамдар.

КӨШП-ҚОНУШЫЛАР — Қазақстан Республикасына келген және Қазақстан Республикасынан кеткен, сондай-ақ себептеріне және уақытының ұзақтығына қарамастан Қазақстан Республикасының ішінде қоныс аударған адамдар.

КУӘ — (Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 82-бабы) — іс үшін маңызы бар қандай да бір жағдаяттар мәлім болған немесе сот немесе тергеу органдарына куәлік ету үшін шақыртылған кез келген тұлға.

- Қ -

ҚАЖЕТТІ ҚОРҒАНЫС — қылмыстық заңнамада қол сұғушылықтың жолын кесу үшін заңмен қорғалатын мүдделерге қауіпті қол сұғушылық жасалған тұлғаға қатысты зорлық іс-қимылдары, істі қылмыстылықтан айыратын жағдаяттардың бірі.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ КЕҢЕСІНІҢ АСА МАҢЫЗДЫ МІНДЕТІ — азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын, соның ішінде бұзылған құқықтарды қалыптастыру нысанында қорғау болып табылады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ КОНСТИТУЦИЯСЫНЫҢ 12-бабына сәйкес адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ КОДЕКСІНІҢ 16-бабына сәйкес азаматтардың жеке өмірі, жеке және отбасылық құпия заңның қорғауында болады. Әркімнің жеке салымдар мен жинақтардың, хат жазысудың, телефон арқылы сөйлесудің, почта, телеграф және өзге де хабарлардың құпиясына құқығы бар. Қылмыстық процесс барысында бұл құқықтарды шектеуге заңда тікелей белгіленген жағдайлар мен тәртіп бойынша ғана жол беріледі.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ КОДЕКСІНІҢ 21-бабына сәйкес «Сот әділдігі барша жұрттың заң мен сот алдында теңдігі негізінде жүзеге асырылады».

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ КОДЕКСІНІҢ 142—143—145-баптарында адамның жеке өміріне қол сұғылмаушылыққа қатысты айыппұл немесе бас бостандығынан айыру түрлері қарастырылған.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА БЕКІТІЛГЕН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰЖАТТАР — барлық заңдар, Республика қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттар жарияланады. Азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілерді ресми түрде жариялау оларды қолданудың міндетті шарты болып табылады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫ — Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес анықтау, алдын ала тергеу мен жедел іздестіру қызметін, сондай-ақ қоғамдық тәртіпті қолдау мен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарына, қоғам мен мемлекеттің мүдделеріне қылмыстық және өзге де заңға қарсы қол сұғушылықтардың алдын алу және жолын кесу жөніндегі атқарушылық және өкім етушілік функцияларын жүзеге асыратын арнайы мемлекеттік орган болып табылады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ — Конституцияның ең жоғары заңды күші бар және Республиканың бүкіл аумағында ол тікелей қолданылады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖҮЙЕСİNДЕГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰЖАТТАРДЫҢ ОРНЫ — Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабы.

ҚАРУ — тірі немесе басқа нысаналарды жою үшін құрастырылып жасалған, сондай-ақ қарудың функционалдық арналымын анықтайтын негізгі бөліктері.

ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІК — қоғамдық бірлестіктің жарғысында көрсетілген ортақ мақсаттарға қол жеткізу үшін мүдделер ортақтығы негізінде біріккен, азаматтар мен заңды тұлғалардың бастамасы бойынша құрылған ерікті, өзін-өзі басқаратын және коммерциялық емес құрама.

Қоғамдық бірлестіктер болып саяси партиялар, жаппай қозғалыстар, кәсіби одақтар, әйелдер мен мүгедектер, ардагерлер ұйымдары, жастар мен

балалар ұйымдары, ғылыми, техникалық, мәдени-ағарту, спорттық-сауықтыру, шығармашылық одақтар, қорлар, ассоциациялар, комитеттер мен азаматтардың өзге бірлестіктері.

ҚОРҒАУ АСТЫНДАҒЫ ТҮЛҒА — қару ұстамайтын және тікелей иелігінде қаруы жоқ кез келген адам (яғни, сәйкес түрде қаруландырылмаған немесе қарулы қақтығысқа қатысуға қауқарсыз кез келген адам).

ҚОРЛАУ — біреудің ар-намысы мен қадір-қасиетін кемсіту. Қылмыстық заңда көпшілік алдында сөз сөйлегенде, көпшілікке таратылатын шығармада немесе бұқаралық ақпарат құралдарында қорлау түрі жеке тармақ ретінде тұжырымдалған. Қорлау әрекеті ауызекі, жазбаша, қол жұмсау жолымен, көпшіліктің көзінше не жәбірленуші жоқта жасалуы мүмкін. Жаладан айырмашылығы қорлау кезінде жәбірленушіні масқаралайтын қандай да болсын мәліметтер хабарланбайды, бірақ оның жеке басын, қасиетін, мінез-құлқын дөрекілікпен теріс бағалайды. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 130-бабына сәйкес мұндай қылмыс жасағаны үшін кінәлі кісі белгілі мөлшерде айыппұл төлеуге, түзеу жұмыстарына немесе белгілі мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.

ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ҚЫЗМЕТІ — заңдылықтың орындалуы мен қоғамдық тәртіптің сақталуына, құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау, жолын кесу, тергеу және жазаны орындауға бағытталған функцияларды орындау жөніндегі құқық қорғау органдарының лауазымдарындағы Қазақстан Республикасы азаматтарының кәсіби қызметін білдіретін мемлекеттік қызметтің ерекше түрі.

ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНЫ — өз құзыретіне сәйкес қылмыстылыққа және өзге де құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимыл жөніндегі мемлекеттің саясатын іске асыратын, заңдылықты қамтамасыз ету мен қоғамдық тәртіпті қолдау, құқық бұзушылықтарды анықтау, алдын алу, жолын кесу, тергеу, қылмыстық істер бойынша сот шешімдерін атқару жөнінде арнаулы өкілеттіктер берілген мемлекеттік орган.

ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНЫНЫҢ ЖҰМЫСШЫСЫ — құқық қорғау органының қызметкерінен өзге, әкімшілік мемлекеттік қызметкер болып табылатын адам (Қазақстан Республикасының азаматы).

ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРІ — құқық қорғау органдары қызметкерлерінің арасынан арнаулы атақ немесе сыныптық шен берілген, құқық қорғау органының штатында қызметте жүрген немесе

құқық қорғау органының иелігіндегі және заңда бекітілген құқық қорғау органының функцияларын атқаратын Қазақстан Республикасының азаматы.

ҚҰҚЫҚТАР МЕН БОСТАНДЫҚТАРДЫ ҚОРҒАУ АЯСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ РӘСІМДЕР — бұл адам құқықтары бұзылғандығы туралы хабарламалар, өтініштер және өзге де ақпараттар бойынша қарау тәртібі, тексеру, ұсыныстарды әзірлеу және шешім қабылдау әдістері. Кей жағдайда рәсімдер жеткілікті анық және толығымен бөлінген.

ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРТІПТІ ҚОЛДАУ ЖӨНІНДЕГІ ЛАУАЗЫМДЫ ТҮЛҒАЛАР — мамандығымен талап етілетін жауапкершіліктің жоғары деңгейіне сәйкес қоғамға қызмет етіп, барлық адамдарды құқыққа қайшы актілерден қорғай отырып, өздеріне заңмен жүктелген міндеттерді үнемі орындайды.

ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРТІПТІ ҚОЛДАУ ЖӨНІНДЕГІ ЛАУАЗЫМДЫ ТҮЛҒАЛАР — термині полицей өкілеттіліктеріне, әсіресе құқық бұзушыларды ұстау өкілеттіліктеріне ие, құқықтың қолданылуымен байланысты барлық тағайындалатын немесе сайланбалы лауазымды көзделген өкілеттік.

ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРТІПТІ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚҚА САЙ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ПРИНЦИПТЕРІ — заңды құрметтеу, адамзаттық абыройды құрметтеу, сондай-ақ жеке тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу болып табылады.

ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРТІПТІ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ (құқықтық тәртіпті сақтау бойынша лауазымды тұлғалар) — адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, өмірін, денсаулығын, қауіпсіздігін қорғау міндеті жүктелген, қоғамдық тәртіптің сақталуын және қорғалуын жүзеге асырушы тұлғалар. Әртүрлі елдерде оларды полицейліктер, милиционерлер, құқық қорғау құрылымдардың (органдардың) қызметкерлері, ішкі істер органдары деп атайды.

ҚҰҚЫҚТЫҚ ШЕКТЕУЛЕР — бұл құқықтағы белгіленген шекаралар, оның шегінде субъектілер әрекет етулері қажет.

ҚЫЛМЫС — (Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 9-бабы) — жазалау қатерімен тыйым салынған айыпты қоғамдық қауіпті әрекет (іс-әрекет немесе әрекетсіздік) қылмыс деп танылады.

Қайсыбір әрекеттің белгілері формальды болса да бар, бірақ елеулі маңызы болмағандықтан қоғамдық қауіпті емес, яғни жеке адамға, қоғамға

немесе мемлекетке зиян келтірмеген және зиян келтіру қаупін туғызбаған іс-әрекет немесе әрекетсіздік қылмыс болып табылмайды (ҚР 9-бабының 2-тармағы).

- Л -

ЛАҚТЫРАТЫН СУЫҚ ҚАРУ — адамның бұлшықет күшінің немесе механикалық құрылғының көмегімен бағытталған қозғалыс алатын снарядпен нысананы қашықтықтан атуға арналған қару.

ЛАУАЗЫМДЫ ТҰЛҒА — ұдайы, уақытша немесе арнайы өкілеттік бойынша өкімет өкілінің міндеттерін жүзеге асыратын не мемлекеттік органдарда ұйымдастырушылық-өкім берушілік немесе әкімшілік-шаруашылық қызметтерді орындайтын адам.

ЛАУАЗЫМДЫҚ ӨКІЛЕТТІЛІК — заңдарда белгіленген құқықтары мен негізгі міндеттері бар мемлекеттік қызметшілер өз қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың алдында тұрған мақсаттар мен міндеттерге жауап беретін, нақты мемлекеттік лауазыммен көзделген өкілеттік.

- М -

МӘЖБҮРЛІ ҚОНЫС АУДАРУШЫЛАР — өз елдерінің аумағындағы өз үйлерін немесе әдеттегі тұрғылықты жерлерінен, атап айтқанда қарулы қақтығыс, жаппай зорлық, құқық бұзушылықтардың нәтижесінде немесе олардан аман болу үшін, қалдырып немесе тастап кетуге мәжбүрленген немесе еріксіз көндірілген адамдар немесе адамдар тобы.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ — мемлекеттік биліктің міндеттері мен функцияларын іске асыруға бағытталған, мемлекеттік қызметкерлердің мемлекеттік органдардағы лауазымдық өкілеттіктерді орындау жөніндегі қызметі.

МОРАЛЬ — тарихи құбылыс, этиканың зерттеу объектісі. Мораль деп — белгілі бір қоғамдағы өмір сүріп жатқан адамдар арасында қалыптасқан адамгершілік құлық нормалары мен ұстанымдарының жиынтығын айтамыз. Мораль жеке адамның қоғамда өмір сүре алу, басқалармен үйлесімді қарым-қатынаста болу қабілетін танытады. Басқаша тұжырымдайтын болсақ, мораль — ізгілік, адамгершілік ережелерінің жиынтығы екен. Мораль-

дық нормаларды ұстану арқылы әрбір жеке тұлға өзінің адамгершілік, ізгілік қасиеттерін қалыптастырады.

- Н -

НАТУРАЛИЗАЦИЯ — шетел азаматының немесе азаматтығы жоқ адамның өтініші бойынша, қандай да бір мемлекеттің азаматтығын қабылдау.

НӘСІЛДІК КЕМСІТУШІЛІКТІҢ БАРЛЫҚ ТҮРЛЕРІН ЖОЮ ТУРАЛЫ КОНВЕНЦИЯ — Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 29 маусымда № 245 заңымен қосылды.

- О -

ОМБУДСМАН — бұл (швед тілінде *ombudsman*) — мемлекеттік органдардың әрекетінің заңдылығын және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының сақталуын қадағалайтын бірқатар елдердегі парламенттің арнайы лауазымды тұлғасы.

ОҚПЕН АТЫЛАТЫН ДАБЫЛ ҚАРУЫ — жарық, түтін немесе дыбыстық белгілерді беруге арналған қару.

ОПТАЦИЯ — азаматтықты таңдау бойынша иелену.

ОРАЛМАНДАР — Қазақстан Республикасы егемендік алған кезде оның шегінен тыс жерлерде тұрақты тұрған және Қазақстанға тұрақты тұру мақсатында келген ұлты қазақ шетелдіктер немесе азаматтығы жоқ адамдар.

- П -

ПЕРСОНА НОН ГРАТА — жағымсыз тұлға. Персона нон гратаны қабылдаушы мемлекеттің үкіметі: уәкілеттілік белгісіз бір себептермен тиімсіз және бас тартқан, жағымсыз тұлға. Мемлекеттің қандай да бір нысанда бұл дипломаттың, не отбасы мүшелерінің бірінің немесе дипломатиялық өкілдің басқа қызметкерінің бұл территорияда әрі қарай жүруіне қарсылық білдіруі.

ПНЕВМАТИКАЛЫҚ ҚАРУ — сығылған газ тәрізді зат қуатының есебінен бағытталған қозғалыс алатын снарядпен нысананы атуға арналған қару.

ПОЛИЦИЯ — азаматтардың өмірі, денсаулығы, құқықтары мен бостандықтарын, қоғам мен мемлекеттің мүдделерін қылмыстылық пен өзге құқыққа қарсы қол сұғушылықтардан қорғауға арналған, заңмен орнатылған шекте мәжбүрлеу нормаларын қолдану құқығы берілген атқарушы биліктің мемлекеттік органдарының жүйесі.

- P -

РЕИНТЕГРАЦИЯ (ҚАЙТА БІРІГУ) — азаматтығы болған, бірақ қазір азаматтығы жоқ тұлғаның азаматтығын қайта қалпына келтіру.

РЕФЕРЕНДУМ — (лат. *referendum* — хабарлануға тиісті нәрсе) — мемлекеттік маңызы бар мәселені халықтық дауысқа салу. Мұндай демократиялық институт алғаш рет Швейцарияда қолданылды. Арнайы даярлық қажет ететін төтенше, шұғыл мәселе дауысқа салынбайды. Референдумға заң немесе халықаралық шарт жобасы, басқару сипатындағы мәселелер ұсынылады.

- C -

САЯСИ БАСПАНА — шетелдік әскери кемеде, шетелдік саяси өкілдікте немесе консулдық өкілдікте кейбір саяси себептерге байланысты қудалаудан тұлғаға жасырынуға берілетін мүмкіндіктер.

СӘЙКЕССІЗ КҮШ ҚОЛДАНУ — заңды күш қолданумен салыстарғанда шамадан тыс үлкен күш қолдану немесе туындаған қауіпке барабар емес жауап. Әдетте, термин тек құқық қорғау органдарына қатысты қолданылады. Жиі жағдайда, құқықтық тәртіпті қорғау органдарының қызметкерлері күш қолдануға мәжбүр болады. БҰҰ құқық қорғаушы лауазымды тұлғалардың мінез-құлық кодексінде былай делінген: «Күш қолдануға қызметтік міндеттер аясынан шықпай, асқан қажеттілік жағдайында ғана рұқсат етіледі», БҰҰ «Құқықтық тәртіпті қолдау жөніндегі лауазымды тұлғалардың күш және атыс қаруы қолдануының негізгі принциптері» құжаты «өзін-өзі қорғау үшін» айрықша қажет жағдайда ғана, «атыс қаруын адам өліміне алып келетіндей қасақана қолдануға» рұқсат береді.

СЕЗІКТІ — (Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 68-бабы) — тергеуші, анықтаушы қылмыс жасады деп күмән келтірілгендігін хабарлап, соған байланысты осы Кодексте белгіленген негіздерде және тәртіппен өзіне қатысты қылмыстық іс қозғалған не оны күдікті деп тану туралы қаулы шығарылған, не ұстау жүзеге асырылған, не айып тағылғанға дейін жолын кесу шарасы қолданылған адам.

СОҒЫС ЖАҒДАЙЫ — Қазақстан Республикасына қарсы агрессияны не оның қауіпсіздігіне сырттай тікелей төнген қатерді болдырмауға немесе оларға тойтарыс беруге жағдай жасауға бағытталған саяси, экономикалық, әкімшілік, әскери және өзге де шаралар кешенін көздейтін және Қазақстан Республикасының Президенті Республиканың бүкіл аумағында немесе оның жекелеген жерлерінде енгізетін ерекше құқықтық режим.

СОҒЫС ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ КОМЕНДАНТТЫҚ САҒАТ — соғыс жағдайы кезінде қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздіктің сақталуын қамтамасыз ету, барлаушылық, диверсиялық және басқа да дұшпандық әрекеттердің жолын кесу мақсатында қолданылу мерзімдері мен уақыты көрсетіле отырып енгізілетін, халықтың арнайы берілген рұқсат қағаздар мен жеке басты куәландыратын құжаттарсыз тәуліктің белгіленген уақытында тұрғын үйлерден тыс жерлерде болуына және елді мекендер арасында жүріп-тұруына тыйым салатын шара.

СОҒЫС ТҮТҚЫНДАРЫ — соғысушы бір мемлекеттің қарулы күштеріне кіретін азамат соғыс қимылдары кезінде қарсы жақтың қолына түскен, соғыс біткенге дейін сол мемлекеттің қарамағында болатын тұлға.

СОҒЫСУДЫҢ ТЫЙЫМ САЛЫНҒАН ҚҰРАЛДАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІН ҚОЛДАНУ — әскери тұтқындарға немесе бейбіт халыққа қатығез қатынас білдіру, бейбіт халықты елден шығарып жіберу, оккупацияланған аумақтағы ұлттық мүлікті тонау, қарулы қақтығыста Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен тыйым салынған құралдар мен әдістерді қолдану.

СУЫҚ ҚАРУ — тигізу объектісімен тікелей байланыс кезінде адамның бұлшықет күшінің көмегімен нысананы жоюға арналған қару.

- Т -

ТЕҢ ҚҰҚЫҚТАР — мемлекет кепілдік беретін, Қазақстан Республикасының Конституциясы мен басқа да заңнамалық актілерінде бекітілген,

азаматтық, саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени және басқа да құқықтарды жүзеге асырудың әйелдер мен ерлер үшін тең құқығы.

ТЕҢ МҮМКІНДІКТЕР — құқықтар теңдігіне іс жүзінде қол жеткізу үшін қажетті құралдар мен жағдайлардың жүйесі.

ТЕРРОРИЗМ — ұйымдасқан топ діттеген мақсатына жету үшін дүрсін-дүрсін күш қолдану арқылы көрініс табатын әдіс. Қазіргі жағдайларда террористер аманат алуды, қоғамдық мәндегі ғимараттарды басып алу, жарып жіберу, ұшақтарды алып қашу және өзге де әрекеттерге барады. Террористік әрекеттер қашан да жариялы түрде жүреді және қоғамға, билікке әсер етуге бағытталады.

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ — азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын қорғау мүдделерінде ғана қолданылатын және мемлекеттік органдар, ұйымдар қызметіне, азаматтардың, шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың құқықтары мен бостандықтарына, сондай-ақ заңды тұлғалардың құқықтарына жекелеген шектеулер белгілеуге жол беретін және оларға қосымша міндеттер жүктейтін ерекше құқықтық режим болып табылатын уақытша шара.

ТРАНСФЕРТ — бір мемлекеттен екінші мемлекетке өткенде, сәйкесінше бір азаматтықтан екіншісіне өткендігі шекарадан өту.

ТҮТҚЫНДАУ — (ортағасырлық латын тілінен *arrestum* — сот — қаулы), мәжбүрлі түрде ұстау және түрмеге отырғызу.

- Ұ -

ҰЛТТЫҚ РЕЖИМ — белгілі бір мемлекеттің заңды және жеке тұлғаларына, басқа мемлекеттің территориясында, өзінің мемлекетінде берілгендей құқықтар, жеңілдіктер және артықшылықтардың сондай қағидатта берілуі.

ҰСТАУ — қазақстандық құқық бойынша, тұлғаның қылмысқа қатыстылығын анықтау және оған қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасын қолдану туралы мәселені шешу мақсатында қолданылатын іс жүргізушілік мәжбүрлеу шарасы. Бас бостандығынан айыру түріндегі жаза тағайындалуы ықтимал қылмыс жасаған деп сезікті тұлғаны қысқа уақытқа (72 сағаттан

артық емес) қамауға алу түрінде жүзеге асырылады. Тек заңмен көрсетілген жағдайларда жол беріледі (ҚР ҚІЖК 132-бабы).

- Ү -

ҮЙДЕГІ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ (отбасындағы зорлық-зомбылық) — егер бұл іс-әрекет отбасы мүшесінің заңды құқықтары мен бостандықтарына қысым көрсетсе, оның тәнін немесе жан дүниесін қинап, моральдық зиян келтірсе немесе отбасы мүшесінің дене жағынан немесе жеке басының дамуына қатер келтіретін болса, отбасының бір мүшесінің екінші мүшесіне қатысты кез келген қасақана іс-әрекеті.

- X -

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ГУМАНИТАРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ — халықаралық шарттарда бекітілген немесе жалпықабылданған дәстүрлермен орнатылған, халықаралық сондай-ақ халықаралық емес сипаттағы қарулы қақтығыстың басталуымен әрекет ете бастайтын және соғыспайтын немесе күрестен шыққан тұлғаларды, сондай-ақ соғысқа арналмаған мүлік пен объектілердің қорғалуын қамтамасыз ету үшін, соғысушылардың қарулы күрес жүргізудің кез келген әдістері мен құралдарын қолдану құқығын шектейтін, орындалуы міндетті нормалар мен ережелер жүйесін құрайтын халықаралық құқықтың саласы.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЕМЕС СИПАТТАҒЫ ҚАРУЛЫ ҚАҚТЫҒЫС (ІШКІ ҚАҚТЫҒЫС) — бір мемлекеттің аумағында үкіметтің қарулы күштері мен үкіметке қарсы қарулы ұйымдасқан топтардың қарулы қарсы тұруы. Мұндай топтардың құрамына кіретін тұлғалар, қалай аталса да (көтерілісшілер, ереуілшілер, сепаратистер, террористер және басқ.), әдетте, билікті басып алу мақсатымен күреседі.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАМҚОРЛЫҚ — БҰҰ-ның Бас Ассамблеясымен бекітілген немесе БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесімен территория стратегиялы деп танылған, келісімге негізделетін, қорғаншылық жүйесіне кіретін, БҰҰ бақылауындағы территорияны басқару.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРУЛЫ ҚАҚТЫҒЫС — мемлекеттердің арасындағы қарулы қақтығыс.

ХАЛЫҚТЫҢ ҚАУҚАР ТОПТАРЫ — жынысы, жасы мен өзге өмірлік жағдаяттарға орай, зорлық, қорлау мен өзге адамгершілікке жатпайтын және заңсыз әрекеттерге әлдеқайда ұшырағыш адамдар тобы. Халықтың мұндай топтарының құқықтары өте жиі бұзылып жатады, соның ішінде бұл құқық қорғау органдарының қызметкерлерінің тарапынан да орын алады, сондай-ақ мұндай құқықтарды бұзу әлдеқайда оңай. Мұндай санаттарға кәмелетке толмағандар, әйелдер, босқындар, мәжбүрлі қоныс аударушылар мен басқалары жатады.

- Н -

HABEAS CORPUS (латын тілінен аударғанда «тәнің болсын делік»). Тарихи түрде *habeas corpus* рәсімі ұстау кезіндегі адам құқықтарының сақталуын сот арқылы қадағалау нысаны болып табылады және бостандығынан айырылған әрбір адамның сот оның ұсталу заңдылығы мен негізділігін тексеруі үшін, сот алдында жүгіну құқығын кепілдендіреді.

- Ш -

ШЕКАРАЛЫҚ БАСПАНА — белгілі бір тұлғаға мемлекеттің аймағында саяси себептерге байланысты қудалаудан жасырыну мүмкіндігі.

ШЕКТЕУЛЕР ЗАҢМЕН КӨЗДЕЛУІ ҚАЖЕТ. Қазіргі уақыттағы мемлекеттердің заңнамалық жүйесіндегі адам құқықтарын шектеудің негізіне көз жүгіртсек, ондағы адам және азаматтың құқықтарын шектеудің екі негізгі түрін көруге болады.

1. Орынды жағдайда объективті пайда болған және мемлекеттік сондай-ақ, халықаралық заңнама шегінде орныққан адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын шектеудің жалпы жағдайлары.

2. Төтенше жағдайда адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын шектеу, бұл кезде ерекше жағдай қарастырылады.

ШЕТЕЛІ АЗАМАТТАРЫ — қандай да бір мемлекеттің аумағында орналасқан және оның азаматы болып табылмайтын, басқа мемлекеттің азаматтығы бар тұлға.

ШЕТЕЛІ ТӨЛҚҰЖАТЫ — жеке куәлік, азаматтың шетелге барған жағдайдағы, керек болғанда, қызметтік жағдайын дәлелдейтін төлқұжат.

ШЕТЕЛДІКТЕР РЕЖИМІ — (шетелдіктердің құқықтық жағдайы) — белгілі бір мемлекеттің территориясындағы шетел азаматтарының нормалары мен міндеттерінің жиынтығы.

- | -

ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ — ішкі істер органдарының біртұтас жүйесін басқаратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы болып табылады.

ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫ (ПОЛИЦИЯ) — Қазақстан халқына қызмет ету, заңды және жеке тұлғалар, қоғам мен мемлекеттің құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қылмыстылық пен өзге заңға қайшы қол сұғушылықтардан қорғауға арналған құқық қорғау органы.

ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ БІРТҰТАС ЖҮЙЕСІ — Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, оның құрамына кіретін департаменттер мен өзге де құрылымдық бөлімшелер, облыстардың, республикалық маңызы бар қала мен Республика астанасының, көліктегі оған бағынатын ішкі істер департаменттері, қалалық, аудандық, поселкелік, желілік ішкі істер органдары, ішкі әскерлер, білім беру ұйымдары, мекемелер және өзге де ұйымдар құрайтын ішкі істер органдарының біртұтас жүйесі.

- Э -

ЭКОНОМИКАЛЫҚ, ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ МӘДЕНИ ҚҰҚЫҚТАР ТУРАЛЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ПАКТИ — 1966 жылы 16 желтоқсанда 2200 А (XXI) Бас Ассамблеяның резолюциясымен қабылданды. Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 21 қарашада № 87-III заңымен бекітілген.

ЭКОЦИД — Өсімдіктер немесе жануарлар дүниесін жаппай жою, атмосфера, жер немесе су ресурстарын улау, сондай-ақ экологиялық апатты туғызған немесе туғызуы мүмкін өзге де іс-әрекеттерді жасау — он жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

ЭСТЕТИКА — адамдардың өзінің айналасындағы сұлулықты көре, сезіне білу, бағалай және қабылдай білу қабілетін арттырып, сұлулық заңдарына сәйкес өмірді жанартып, өзгертіп отыруы.

ЭТИКА — әртүрлі нысан мен түрлердегі адамгершілік туралы, сондай-ақ жалпықабылданған және кәсіби мінез-құлық ережелері туралы ғылым.

- Ю -

ЮНДАФ — Даму саласындағы ұлттық басымдылықты іске асырудағы және мыңжылдықты дамыту Мақсаты деңгейіндегі мәселелерді және өзге де халықаралық міндеттемелерді шешудегі БҰҰ жүйесінің ұжымдық, келісімдік және ықпалдасу көмегін қамтамасыз етуге арналған басты стратегиялық құжат болып табылады. Бағдарлама бес негізгі бағдарламалық принциптерден құрылады: адам құқықтарын сақтау, гендерлік теңдік, қоршаған ортаның қалыптылығы, нәтижеге бағытталған басқару, әлеуетті нығайту.

ЮНИСЕФ — БҰҰ-ның негізгі мекемелерінің бірі, екінші дүниежүзілік соғыс тауқыметін тартқан Еуропа балаларына көмек қоры. 1946 жылы 11 желтоқсанда екінші дүниежүзілік соғыстан тікелей зардап шеккен елдердің балаларына көмектесу үшін уақытша ұйым ретінде құрылған. Алғаш «Балаларға көмек көрсететін халықаралық төтенше қор» деп аталды. 1953 жылы Бас Ассамблеяның шешімімен ол БҰҰ құрылымының бір жүйесі ретінде бекітілді. БҰҰ Балалар қоры тек соғыс зардабына ұшырағандар ғана емес, сонымен бірге ашаршылық пен індет жайлаған, босқыншылық көрген елдердің балаларына да қол ұшын береді.

*Талғат Рахымберліұлы Сейдығалиев
Светлана Нұрханқызы Исаева*

**АДАМ ЖӘНЕ АЗАМАТТАРДЫҢ
ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН БОСТАНДЫҚТАРЫН
ҚОРҒАУ**

Қазақша терминдер сөздігі

Редактор: Д. Рахымберлі
Техникалық редактор: Р. Стафеев
Корректорлар: Д. Рахымберлі, Ж. Жалмаханова

Тексеруге 21.01.2016 ж. 25.03.2016 ж. кол қойылды.
Қалабы 60×84¹/₁₆. Офсеттік қағаз. Офсеттік баспа.
Шартты баспа табақ 1,9. Таралымы 100 экз. Тапсырыс № 787.

Қазақстан Республикасы ІІМ Бәрімбек Бейсенов атындағы
Қарағанды академиясының ғылыми-зерттеу және редакциялық-баспа
жұмысын ұйымдастыру бөлімі.

Қазақстан Республикасы ІІМ Бәрімбек Бейсенов атындағы
Қарағанды академиясының 2016 жылға арналған әдебиеттер
шығару жоспарының № 27.

Қазақстан Республикасы ІІМ Бәрімбек Бейсенов атындағы
Қарағанды академиясының баспаханасында басылды.

Қарағанды қаласы, Ермаков көшесі, 124.